## 2002 жылғы 27 желтоқсанда Астана қаласында "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1364

2002 жылғы 27 желтоқсанда Астана қаласында "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуін өткізуге дайындықты тиімді ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 27 желтоқсанда Астана қаласында "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, Астана қаласының әкімі, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуін өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 038 "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

4. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 1364 қаулысымен бекітілген

## 2002 жылғы 27 желтоқсанда Астана қаласында "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

| р/с N | №Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Кездесуді өткізу бағдарлама. сын дайындау | 2002 жылғы 24 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша) |
| 2 | Делегациялардың құрамын келісу: ресми делегация (1+4), бірге жүретін адамдар (10 адамға дейін), күзет қызметкерлері (5 адамға дейін), баспасөз, кездесуге қатысушылардың келу және кету кестесін жасау | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Делегацияларды ұйымдас. тыру-хаттамалық бекіту:<br>1) Қырғыз Республикасының делегациясы;<br>2) Тәжікстан Республикасының делегациясы;<br>3) Өзбекстан Республикасының делегациясы. | 2002 жылғы 24 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі;<br>Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;<br>Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация. лар министрлігі. |
| 4 | Ресми делегациялар мен бірге жүретін адамдарды күтіп алуды және шығарып салуды ұйымдастыру, әуежайда, оның ішінде VIP-зал арқылы шай дастарханын ұйымдастыру | 2002 жылғы 27-28 желтоқ. санда | Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президенті. нің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |
| 5 | Астана қаласының әуежайын жалаулармен және траспорант. тармен безендіру | 2002 жылғы 26 желтоқ. санға дейін | Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | Өзбекстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Тәжікстан Республикасының делегацияларын тасымалдауды жүзеге асыратын арнайы ұшақтардың Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін қамтамасыз ету | 2002 жылғы 27 желтоқ. сан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация. лар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 7 | Өзбекстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Тәжікстан Республикасының делегацияларын тасымалдауды жүзеге асыратын арнайы ұшақтардың тұрағын, оларға | -//- | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация. лар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қызмет көрсетуді және жанармай құюды қамтамасыз ету | | |
| 8 | Делегацияларды, бірге жүретін адамдарды және алдыңғы топты тамақтандыруды ұйымдастыру және оларға көліктік қызмет көрсету | 2002 жылғы 27 желтоқ. сан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарма. сы (келісім бойынша) |
| 9 | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жол полициясының машиналарымен жүретін бағыттар бойынша алып жүру | -//- | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 10 | Күзетілетін адамдар мен делегациялардың әуежайда, жүретін бағыттары бойынша, іс-шаралар өткізілетін және тұратын орындарында (бағдар. лама бойынша) қауіпсіздігін қамтамасыз ету | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 11 | Ресми делегациялардың мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету | 2002 жылғы 27 желтоқ. сан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарма. сы (келісім бойынша) |
| 12 | Делегациялар басшыларын, делегациялар мүшелерін, бірге жүретін адамдарды, алдыңғы топты, баспасөзді Астана қаласының қонақ үйле. рінде және қонақ резиденция. ларында орналастыруды ұйымдастыру | 2002 жылғы 24-27 желтоқ. сан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарма. сы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 13 | Мемлекеттер басшыларының кездесуін ұйымдастыру үшін үй-жайларды жабдықтау (ұйымдастыру техникасымен, | 2002 жылғы 26 желтоқ. | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарма. сы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | телефон байланысымен, кеңсе тауарларымен жарақтандыру); залды техникалық безендіру (мемлекеттік жалаулар, үстелге қойылатын белгілер мен жалаушалар, гүлдер, микрофондар) | санға дейін | Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Астана қаласының әкімі |
| 14 | Делегациялар мүшелеріне, бірге жүретін адамдарға, баспасөзге және күзетушілерге арналған бэйджджер дайындау | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарма. сы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 15 | "Орталық Азия Ынтымақтас. тығы" ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының қатысуымен баспасөз конферен. циясын өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау (шақыру, пулдар), жалпы фотосуретке түсіру | 2002 жылғы 27 желтоқ. сан | Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 16 | "Орталық Азия Ынтымақтастығы ұйымына қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуіне құжаттардың, ақпарат пен анықтамалық-талдау материалдарының және Қазақстан Республикасы Президенті сөйлейтін сөздердің жобаларын дайындау | 2002 жылғы 25 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволары |
| 17 | Қазақстан Республикасы Президентінің атынан: 1) делегациялар басшылары үшін (қабылдауды жүргізетін | 2002 жылғы 27 желтоқ. | Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша), Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | орынды айқындау және безендіру, өз орындарына отырғызу, делегациялар үшін квоталарды келісу, күзету іс-шаралары, ас мәзірін дайындау, концерттік бағдарлама); 2) делегациялар мүшелері үшін; 3) бұқаралық ақпарат құралда. рының өкілдері үшін ресми қабылдау ұйымдастыру | сан | Республикасы Президенті. нің Іс басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 18 | Делегациялардың басшылары мен мүшелеріне арналған мәдени бағдарламаны ұйымдастыру | 2002 жылғы 27 желтоқ. сан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) |
| 19 | Мемлекеттер басшылары үшін сыйлық жиынтықтарын сатып алу, сондай-ақ бағдарламалар мен басқа да баспа өнімдерін дайындау | 2002 жылғы 26 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқар. масы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 20 | Әр делегацияға бекітілген қызметкерлерді байланыс құралдарымен қамтамасыз ету | сапар кезеңін. де | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК